

Оқушылардың жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыру кезіндегі нұсқаулықтар

- 1. Оқушыларға арналған жаңа жылдық мереке бекітілген кестеге сәйкес мектеп-лицей акт залында өткізіледі.**
- 2. Іс-шара өтетін орындардағы терезелерді ашық қоюға рұқсат етілмейді.**
- 3. Іс-шараны өткізу кезінде бөгде адамдар акт залда жүруіне рұқсат етілмейді.**
- 4. Іс-шараларды өткізу кезінде өрт тудыруы мүмкін химиялық және жарылғыш заттарды әкелуге, пайдалануға рұқсат етілмейді.**
- 5. Мектепте және мектептен тыс пиротехникалық жабдықтар, майшам, бенгал шамдары, әртүрлі жарықтандырғыштар, от шашуларды пайдалануға қатаң тыйым салынады.**
- 6. Мерекенің әрбір қатысушысы мектеп мүлкінің сақталуына жауап береді.**

Жаңа жылдық театрландырылған қойылымдар кезінде және адамдар көп жиналатын басқа да қоғамдық орындарда оқушылардың жүріс-тұрыс ережелері.

- 1. Егер сіз ата-анаңызбен жаңа жылдық қойылымға барған болсаңыз, олардан ешбір жағдайда алысқа бармаңыз, өйткені адамдар көп шоғырланған жерде адасып кету қаупі жоғары**
- 2. Жалпы мерекелерде жарақат алмау үшін адам көп шоғырланған жерден аулақ болуға тырысыңыз.**
- 3. Әкімшіліктің, мектеп инспекторының және қоғамдық тәртіп пен өрт қауіпсіздігін сақтауға жауапты өзге де адамдардың ескертулері мен заңды талаптарына бағынуға міндеттісіз**
- 4. Басқаларға қауіп төндіретін және төтенше жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеңіз.**
- 5. Қауіп төнген жағдайда әкімшілік тарапынан берілген нұсқаулық бойыша ұйымдасқан түрде ғимараттан шығыңыз.**

Жаңа жылдық мерекелердегі өрт қауіпсіздігі ережелері.

- 1. Шыршаны матамен және пластикалық ойыншықтармен безендірмеңіз.**
- 2. Шырша тұғырын мақтамен қаптамаңыз немесе шүберекпен орамаңыз.**
- 3. Шыршаны тек өнеркәсіптік электр гирляндаларымен жарықтандыру керек.**
- 4. Бөлмеде ұшқын мен балауыз шамдарын жағуға рұқсат етілмейді.**

Есіңізде болсын: ашық от әрқашан қауіпті!

- 5. 16 жасқа толмаған балаларға пиротехникалық құралдарды қолдануға болмайды.**
- 6. Үйде жасалған пиротехникалық құрылғыларды қолдануға қатаң тыйым салынады.**
- 7. Пиротехникалық өнімдерді бөлшектеуге болмайды.**

Қысқы демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіздік ережелері

- 1. Көшеде, жолдан өту кезінде абай болу керек: жолда жүру ережесін есте сақтаңыз!**
- 2. Орманда, өзенде серуендеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау**
- 3. Мұзда абай болыңыз.**
- 4. Шаңғыларды, конькидерлі, шаналарды абайлап ұстау керек.**
- 5. Ауа температурасы өте төмен болған кезде терінің үсіп қалуын болдырмау үшін серуендеуге шыкпаңыз.**
- 6. Электр құрылғыларын (теледидарды, үтікті, шайнекті және т. б.) қосу және өшіру кезінде қауіпсіздік техникасын сақтаңыз.**
- 7. Газ құрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;**
- 8. Теледидар көргенде және компьютерде жұмыс істегенде уақыт режимін сақтаныз.**
- 9. Оқушылардың кешкі мезгілде сағат 22.00-ден кейін ересектердің еріп жүруінсіз көшеде жүруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**